



«Бекітемін»
Қазан жастанғы негізгі білім беретін
Мектебіндегі директоры:
Данияров К. И

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

Сынып жетекшісі: Камзин С. Ж
Сыныбы: 8 «Ә»

Мектептің тәрбиелік мақсаты:

Оқушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау. Рухани-адамгершілік қасиеттері жоғары, құқықтық және азаматтық санасы қалыптасқан, патриот, толерантты, мәдениетті, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие міндеттері:

- 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыру.
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын және оның құндылықтарын алға бастыру, бірегейлік пен бірлікті нығайтуға, елі үшін мақтаншы сезімін нығайтуға ықпал ету.
- Кез келген ортада өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына, саяси-құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- Оқушы жастар бойында рухани –адамгершілік және этикалық принциптерін қалыптастыруға, өзін-өзі дамыту мен тәрбиелеуге ықпал ету.
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде қалыптасуына,Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этикалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру;
- Оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуға ықпал ету.
- Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, жағымсыз әсерлерге қарсы тұру, спортпен шұғылдануға ұмтылыстарын дамыту.
- Сынып сағатын және басқа да тәрбиелік іс-шаралар өткізу барысында жаңа технологияларды және тәрбиелеудің белсенді формаларын қолдану.
- Отбасы құндылықтары мен дәстүрлерді кеңінен насихаттау, бала тәрбиесі үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Мектептің ата-аналармен өзара әрекеттесуі бағаны тәрбиелеуге, сенімге, сыйластыққа, шыдамдылыққа және бір-біріне қолдау көрсетуге, отбасылық тәрбие мәселелері бойынша ата-аналық жауапкершіліктен күзіреттілік деңгейін көтеруүкөкөтеруке ықпал ету.
- Жасөспірімдер арасындағы дескрутивті құбылыстардың алдын-алу және дер кезінде түзету.
- Баланың әлеуметтік бейімділігін дамытуға әсер ететін факторларды үнемі қадағалау және талдау, тәуекел топтарына назар аудару, қажетті әлеуметтік тәжірибе алу.
- Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыруда оқушыға ардайым көмек беру, қосымша білім беру мекемелерімен тығыз байланыс орнату.

Тәрбие жұмысы «Рухани жанғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. **Жана қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбие.**
 - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы;
 - Семей полигонының жабылуының 30 жылдығы;
 - «Туған жер», «Туған елге тағзым», «Ауыл өмірі», «Қала өмірі», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыру.
 - «Құқықтық сана – қоғамға пана» жобасы аясында білім алушылар «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелерін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңдарын білугері тиіс.
 - «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобасын іске асыру педагогтерге «тәуекел тобындағы» балаларды анықтауға және оларға уақыттылы көмек көрсету, мектептегі зорлық-зомбылықтың жолын кесуге, кемелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алуға көмектеседі, өйткені бүгінгі күні бұл проблемалар жасөспірімдер арасында орын алуда. Осы бағытта әдістемелік көмек ретінде «Vilim Foundation» қоғамдық қоры әзірлеген бейнематериалдар педагогтер мен ата-аналар үшін үлкен қызығушылық тудырады
 - Мектеп пен ата-аналар балаларды қоғамға жат мінез-құлықтан бас тарту мәдениетіне тәрбиелеуі керек. Инклюзивті мәдениет әртүрлілікті құрметтеу және айырмашылықтарға төзімділік құндылықтарын қабылдауды қамтиды. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психикалық денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыруға мектептердегі зорлық-зомбылыққа ден қоюдан алдын алу, сондай-ақ кемелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алуға ерекше назар аудару қажет.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

- «Қоғамға қызмет», «Еріктілер», әлеуметтік жобасы – «Мектепке жол», «Камкорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кенінен тарту қажет.
- Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда 2021-2022 оқу жылы қазақтың педагог-атартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына; қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына; Қазақстанның көрнекті саяси және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына; Қазақ КСР Халық әртісі, кенес және қазақ мемлекетінің музыкатанушысы, композитор, дирижер, ақын Ахмет Жұбановтың 115 жылдығына; қазақ ақыны әрі жазушысы, аудармашы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған бұқаралық ішаралар өткізу маңызды рөл атқарады.
- Олар: «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары», «Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары» атты әдеби кеш, «Сұлулық әлемді құтқарады» атты поэтикалық кеш, «Жанашырлық – адамның барлық адамгершілік ниетінің негізі» атты әдеби-музыкалық композициялар, «Махаббат – адам өмірінің негізі», «Ізгіліктің жасаппаз күші» атты адамгершілік-рухани мазмұндағы сұхбаттар.
- 2021-2022 оқу жылында кітап оқуды қолдау және кітаптың мәртебесін арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы барлық өңірде біртіндеп енгізілетін болады.

3. Ұлттық тәрбие.

- «Дастур мен ғұрып» жобасы;
- «Қазақстанның 100 жана есімі» жобасы;
- «Менің Отаным – Қазақстан» бағалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетануды дамыту, экспедициялар, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру, «Тарих мұрасы», «Өз жерінді таны» (өлкетанулық білімін және мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты арттыру, тұтан өлкенің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін терең зерттеу) «Табиғат бесігі» (тұтан жерге жауапкершілікпен және аялап қарау) жобаларын жүзеге асыру ұсынылады.
- «Ұлттың алтын қоры» - «100 жана есім» жобасының кейіпкерлері, «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының модельдері».

4. Отбасылық тәрбие.

- «Отбасы – орта мектеп» тәрбие жобасында жалпыұлттық құндылықтарды іске асыру әдістемесі отбасының тәрбиелік әлеуетін, отбасылық тәрбие бойынша педагогтердің әдістемелік практикасын және Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың ата-аналарымен өзара іс-әрекетті тиімді жетілдіруге бағытталған. Негізгі мақсат – жалпыұлттық рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баса назар аудару отырып, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы тәрбие ұстанымдарын үйлестіру. Балаға өз тегін, жеті атасын білу, өзінің отбасылық шежіресін құрастыру – рухани тәрбие берудегі отбасылық құндылық. Баланы отбасылық жәдігерлер мен тарихқа, фотосуреттерге, үй мұрағаттарына, марапаттар мен ата-әжелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу маңызды.
- Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Мектеп өмірінің бір күні» жобасын іске асыру барлығына бірдей қарымқатынас нысанның орнатпай, ата-аналардың қажеттіліктеріне, сұраныстарына, отбасы ерекшеліктері мен отбасылық тәрбиеге бағдарлана отырып, оларды мектеп, сынып, өз баласының істеріне шыдамдылықпен қарай отырып, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларымен мүмкіндігін ескере отырып, өзара әрекет жасауға жәрдемдеседі.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

- «Еңбек – елдің мұраты»
- «Еңбек нартында сұранысқа ие жана кәсіптер мен құзыреттердің атласы» ұлттық жобасы
- Кәсіби бағдар беру жұмысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында:
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды;
- орта мектептің 7-11-сынып оқушыларының кәсіби диагностикасын жүргізу бойынша құралдарды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдарды;
- Ерекіше білім беру қажеттілігі бар балалардың мамандық таңдау кезінде отбасы, мектеп және жұмысқа орналасу органдарының өзара ісқимылы бойынша әдістемелік ұсынымдарды (<https://www.пао.кз>) пайдалану ұсынылады.
- «Үнем – қоғам қуаты» жобасы іске асырылуда. Бұл жобаның міндеті мінез-құлық трендтерін қалыптастыру, прагматикалық дағдыларға, тайм-менеджментке, қаржы ресурстарын сақтау және ұтымды әдеттерді дамыту мәселелері бойынша сыни ойлауға үйрету болып табылады.

Экономикалық тәрбиенің арқасында оқушылар экономика, экономикалық қатынастардың дамуы туралы идеялар мен түсініктерді меңгереді, нарықтық ортада бағдарлай алады және өз қызметін экономикалық тұрғыдан тиімді жүзеге асыра алады. Сыныптан тыс жұмыстарда экономикалық сананы тәрбиелеудің негізгі құралдары мен формаларын: тақырыптық сынып сағаттары, экскурсиялар, пікірталастар, рөлдік ойындар және т.б. қолдану. Мысалы, «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» сынып сағаттары; «Жарнама жасау өнері», кәсіпорындарға экскурсиялар, «XXI ғасыр менеджері», «Бастаушы көшбасшы нені білугі керек?»; «Кәсіпорындардағы қатығыс жағдайларын шешу» рөлдік ойыны және т.б.

- «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы; Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізін білім беру ұйымдарының, ауданның, қаланың аумақтарын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер; «Жасыл ел» қозғалысы шеңберінде жасыл желектер отырғызу, еріктілер қозғалысы, табиғи аймақтарды қорықтан тазарту құрайды. Жашы білім беру ұйымдарында «Экочеллендж», «Экошпит», «Экодесант», «Гүлді калейдоскоп», «Ең жасыл кабинет», «Жасыл алтын», «Экожарыс», «Плоттинг» және т.б. жобаларды кенінен енгізу ұсынылады.
- Экология бойынша 1-11 сыныптарда сынып сағаты бақитілген тақырыптарда өтеді.

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

- Толеранттылық сабақтары;
- Әлем күніне арналған акциялар;
- Халықаралық бейбітшілік күніне арналған ақпараттық сағат
- Отандық мәдени жетістіктерді насихаттау;
- «Балалар және театр» ағартушылық жобасы

7. Зияткерлік тәрбие

- Кибермәдениет және кибергигиене оның ішінде білім алушылардың кибер қауіпсіздігі және ақпараттық қауіпсіздігі жөнінде шаралар;
- Көшбасшылық қасиеттер мен дарындылығын дамыту;
- Ақпараттық мәдениет, зияткерлік мүмкіндіктерін ашу;
- «Ұшқыр ой аланы» дебаттық жобасы;

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

- Дене тәрбиесі міндеттерінің бірі – білім алушыларды республикалық көпдегейлі балалар-жасөспірімдер турнирлері мен жарыстарына, халықаралық жарыстарға қатысуға белсенді тарту.
- Жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, нашакорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТВ-ның алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша шаралар өткізу.

2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылды:

- «Оқуға құштар мектеп»;
- «Отбасы – орта мектеп»;
- «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- «Дәстүр мен ғұрып»;
- «Еңбек – елдің мұраты»;
- «Үнем – қоғам қуаты»;
- «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»;
- «Психологиялық көмек көрсету және мектептің тағуластыру қызметтерін ұйымдастыру»;
- «Қоғамға қызмет»;
- «Мектеп өмірінің бір күні»;
- «Дебат» қозғалысы;
- Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- «Музей сабақтары» - Музей күні жобасы;
- «Театр сабақтары» жобасы.

Сыныптың тәрбиелік мақсаты: Азаматтарда жоғары деңгейде патриоттық сезімді, өз елімен мақтан етуді, азаматтық борышын адал орындауға тәрбиелеу және Отанды қорғауға тәрбиелеу, конституциялық міндеттерді қалыптастыру, өркениетке ұмтылған білімді, тәрбиелі, өмірге икемді ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу.

Тәрбие міндеттері:

- Өз жерінің, Отанының және әлемдік өркениеттің тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін тереңдету және дамыту;
- Отанға деген, оның өткені мен бүгiнiне, кешегiне әлемдегi Қазақстанның ролi мен тарихи құндылық негiздерiнде саналы түрде қарым – қатынас қалыптастыру;
- азаматтық сезiмдi мен қасиеттердi қалыптастыра отырып дамыту: патриотизмдi, интернационалдықты, борыштық сезiмi мен әлеуметтік жауапкершiлiктi;
- Әр бағалада азаматтық көзқарасты жүзеге асыруда оңтайлы жағдай туғызу, тәжірибені және азаматтық мәдениетті, әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру; оқу сапасын, білім сапасын арттыру.

№	Тәрбие жұмысының бағым бағыттары	Мақсаты	Такырыптар	Мерзімі
1	Жана қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, бағалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын мінгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру	1. Тәуелсіздік жетістіктері / Мектептің ішкі ережесі 2.3. Тәуелсіздік туы желбіресін! / Менің Қазақстаным – менің байтақ елім! 4. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа өнеге 5.«МЕНІҢ ӘЛЕМІМ – СҰЛУЛЫҚ ПЕН МЕЙІРМДІЛІК ӘЛЕМІ!» ЖЖЕ №8 Бұрын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек	1.09.2021 25.11.2021 7.04.2022 09.12.2021 (16.12) Бұйрық №93 31.08.2021ж.
2	Рухани-адамгершілік тәрбие	Туғаннның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және	6. 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 7. Ұлы ұстаз өнегесі 8.Қайырмдылық – жылы жүректен. ЖЖЕ №1 Жол жүру ережесінің пайда болу. Жол белгілерінің халықаралық тілі	23.09.2021 30.09.2021 02.09.2021

	<p>этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жанғырту туралы "Рухани жанғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.</p>		<p>20.01.2022*</p>
<p>3 Ұлттық тәрбие</p>	<p>Жеке тұлғаны жалпыламазаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.</p>	<p>9. Бата тілектің түрлері. ЖЖЕ №5 <i>Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) аңгімесу.</i> 10.11 Біз жемқорлыққа қарсымыз! /Ұлттық тенге. ЖЖЕ №3 <i>Жол белгілері.</i> 12. Кош келдің, аз Наурыз 13. Халқын сүйген – саптың сүйер</p>	<p>11.11.2021) Бұйрық №93 31.08.2021ж. күн жетісп. байл. 17.03.2022 10.02.2022</p>
<p>4 Отбасылық тәрбие</p>	<p>Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бағаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.</p>	<p>14. Отбасы – алтын үйім ЖЖЕ №2 <i>Қозғалысты реттеу нысандары.</i> 15. Аналар асыл жандар ЖЖЕ №7 <i>Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек.</i> 16. Көптілділік – халықтар достығының негізі</p>	<p>7.10.2021 03.03.2022 09.09.2021</p>
<p>5 Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие</p>	<p>Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.</p>	<p>17. Адам экологиясы нені зерттейді. 18. Планетаның биологиялық әртүрлілігін сақтау. 19. Бағамалы энергия көздері. 20. Табиғи кешендерді қорғау ЖЖЕ №4 <i>Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің</i></p>	<p>16.09.2021 21.10.2021 18.11.2021 2.12.2021</p>

		<p>міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жеруаңкершілігі</p> <p>21. Кәуіпті табиғи құбылыстар.</p> <p>22. Экологиялық мәселелерді шешу жолдары.</p> <p>ЖЖЕ №6 Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.</p> <p>23. Климат және адам денсаулығы. ҚА №3 Халықты басқаруға қатысу.</p> <p>24. Ауа және адам денсаулығы. ЖЖЕ №9 Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар.</p> <p>Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.</p> <p>25. Мен және табиғат. ЖЖЕ №10 Қорытынды сабақ</p>	<p>20.01.2022 *</p> <p>03.02.2022</p> <p>10.03.2022</p> <p>14.04.2022</p> <p>05.05.2022</p>
<p>6</p> <p>Зияткерлік тәрбие</p>	<p>Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде бағалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.</p>	<p>26. Ойнайық та ойлайық</p> <p>27. Ізденген жетер мұратқа. ҚА №1 Өкімет дегеніміз не?</p> <p>28. Өмірлік ұстаным. ҚА №2 Демократиялық қоғамдағы сайлау</p> <p>29. Ұшқыр ой мен шешен тіл. ҚА №4 Кім және қалай көшбасшысы болады?</p>	<p>14.10.2021</p> <p>27.01.2022</p> <p>17.02.2022</p> <p>21.04.2022</p>
<p>7</p> <p>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие</p>	<p>Жалпы мәдени мінез-құлдық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, менгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой аланы"</p>	<p>30. Танғажайып Жана жыл</p> <p>31. Ғаламтор және кітап</p> <p>32. Кітап – рухани қазына</p> <p>33. Тәрбие мектебі – отбасы (әке тәрбиесі)</p>	<p>23.12.2021</p> <p>28.04.2022</p> <p>24.02.2022</p> <p>19.05.2022</p>

	<p>Мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.</p>		
<p>8</p> <p>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты</p>	<p>Салауатты өмір салты дағдыларын табысты калыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.</p>	<p>34. Денсаулық біздің болашағымыз 35. Ғасыр індетінен сақтанайық</p>	<p>12.05.2022 28.10.2021</p>